Зерттеу барысында CAA_{it} мәні логарифмделген жалпы активтерге нормализацияланды ($\log TotalAsset$). Компанияның CAA_{it} көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, салық салынатын табыс пен бухгалтерлік пайда арасындағы алшақтық соғұрлым үлкен болады, бұл салықтан жалтарудың жоғары деңгейін көрсетеді.

Салықты оңтайландыру мүмкіндіктері көбірек халықаралық компаниялардың жаңа ережелерге анағұрлым күшті оң өзгерісін анықтауға болады. Оны тексеруге «айырмашылықтардың айырмашылығындағы айырмашылық» (DIDID) әдісіне негізделген екінші модель пайдаланылады. Мұнда қарыз жүктемесі салалық орташа деңгейден жоғары кәсіпорындар бірінші сынақ тобы, ал халықаралық ұлттық компаниялар екінші сынақ тобы болып қарастырылды. Талдау нәтижесі жоғарғы қарыз деңгейі бар халықаралық ұлттық компаниялар мен олардың баламалары арасындағы салықтан жалтару ереже айырмашылықтарын көрсетеді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ. Жіңішке капиталдандыру ережесінің Қазақстан Республикасында корпоративтік салықтан жалтаруға әсерін difference-in-differences талдауымен сипаттамалық статистика мәліметтерінің таралуын, өзгергіштігін және шектік мәндерін көрсетіп, регрессиялық және басқада зерттеулерге негіз болады,

жалтару деңгейіндегі айырмашылықтарды кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Салықтан жалтаруды өлшеудің қосымша спецификациясын теңдеуден көруге болады.

Салықтан жалтаруды өлшеу әдістемесі келісімді салықтан жалтаруды есептеуде төленген салықтық активтерге қатынасы ($АНТС_{it}$), теріс салық айырмашылығын көрсететін индикатор (TCK_{it}), салықтық шығындарды тасымалдау (TOZ_{it}) және ағымдағы жыл мен алдыңғы жыл арасындағы салықтық шығындар айырмасы (ΔTOZ_{it}) арасындағы байланыс қарастырылады (Afzali, M., Thor, T. 2025).

Регрессияда және айнымалылары бақылаушы ретінде енгізілген, себебі келісімді және келісімсіз салықтан жалтару екеуі де төленетін салықтық ақшалай ағындарға әсер етеді. Afzali, M., Thor, T.(2025) тәсіліне сәйкес, келісімді салықтан жалтару регрессияның қалдық мәні ретінде анықталады. Дәлелді түрде айтсақ, регрессияда әр сала бойынша бөлек жүргізеді. Қалдық мәні неғұрлым төмен болса, кәсіпорынның келісімді салықтан жалтару деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Екінші бағыт келісімсіз салықтан жалтаруды тәуелді айнымалысы қарастырылады, онда салық айырмашылығы (CAA_{it}) арқылы өлшенеді. Яғни CAA_{it} бұрынғы зерттеулерде кеңінен қолданылған және корпоративтік тиімді салық мөлшерлемесі мен ақшалай тиімді салық мөлшерлемесі балама ретінде қарастырылады.

Мұндағы екі түрлі өлшемді келісімді және келісімсіз салықтан жалтаруды қолдана отырып, кәсіпорындардың салықтық тәртібін кешенді түрде талдайды. Келісімсіз салықтан жалтаруды өлшеу – салық айырмашылығы (CAA_{it}) қолданылады. CAA_{it} көрсеткіші бухгалтерлік пайда мен салықтық пайда арасындағы айырмашылықты бейнелейді және жоғары мәні компанияның келісімсіз салықтан жалтару деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. De Simone және әріптестері (2023) ұсынған әдіспен есептеледі:

2 кестеде көрсетілген.

Көрсетілген 1-кестеде сипаттамалық статистикасы зерттеу үлгісіндегі кәсіпорындар көрсетілген. Орташа келісімді салықтан жалтару шамамен -0,05% құрайды, онда кәсіпорындардың орта есеппен төмен деңгейде келісімді салықтан жалтаруға бейім екенін білдіреді. Орташа келісімсіз салықтан жалтару оң мәні бар, онда кәсіпорындардың орташа алғанда салық салынатын пайдасынан бұрынғы табысы жоғарылығын көрсетті. Модельдің шамамен жартысы (57,7%) жеткіліксіз капиталдандыру саясаты енгізілген кезеңдерге сәйкес келеді. Сонымен қатар, қарыз меншікті капитал қатынасы салалық орташа деңгейден жоғары фирмаларға шамамен 36% тиесілі. Қосымша түрде, модельде халықаралық компаниялар 34% ретінде жіктеледі. Бақылау айнымалылары орташа капитал сыймдылығы 41,5% құрайды, ең төменгі мәні – 0,6%, ал ең жоғарысы – 94%.

Регрессия нәтижелері кәсіпорынның салықтан жалтару деңгейіне әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Алынған бағалаулар айнымалылардың статистикалық мәнділігін, бағыттылығын және шамасын көрсетеді. Регрессиялық талдауда Дрисколл-Край (Driscoll-Kraay) ұпайларымен бірге Песаран сынағын (Pesaran test) пайдалану кеңістіктік корреляция мәселесіне тап болған кезде

панельдік деректерді талдаудағы классикалық әдісті қолдандық (Кощеев Д.А., Мирослюбова Т.В., 2022). Осы әдіс арқылы модельдер арасындағы көлденең қималық тәуелділікті азайту үшін таңдалды (Бусыгин, 2020). Регрессиялық талдау 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Жіңішке капиталдандыру ережесінің Қазақстанда корпоративтік салықтан жалтаруға әсерін difference-in-differences талдауының сипаттамалық статистикасы

Айнымалылар	Орташа мәні	Стандартты ауытқуы	Min	Max
Келісімді салықтан жалтару	0,0004	0,003	-0,05	0,29
Келісімсіз салықтан жалтару	0,3	1,6	-29,8	21,4
Жіңішке капиталдандыру ережесінен кейінгі кезең	0,6	0,5	0	1
Жоғары қарызды ұйымдар	0,4	0,5	0	1
Көп ұлтты ұйымдар	0,35	0,48	0	1
Өлшемі	29,09	1,58	20,7	33,5
Капитал сыйымдылығы	0,41	0,24	0,006	0,92
Ұйым жасы	15,04	9,81	0	42
Қаржылық тұтқа	0,51	0,34	0,07	8,54
Өсу қарқыны	0,094	0,29	-0,91	5,57

Кесте 3. Жіңішке капиталдандыру ережесінің корпоративтік салықтан жалтаруға әсері

Айнымалы	Келісімді салықтан жалтару	Келісімсіз салықтан жалтару
өзара әрекеттесу айнымалысының коэффициенті жаңа реттеудің қарыз жүктемесі жоғары компаниялардың салықты оңтайландыру деңгейіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді	0,006** (0,0022)	0,191 (0,146)
Өлшемі	0,022 (0,018)	-0,024 (0,071)
Капитал сыйымдылығы	-0,0171 (0,011)	-0,609 (0,337)
Өсу қарқыны	0,0008***	-0,0004
Ұйым жасы	0,0078	0,101
Қаржылық тұтқа	-0,028	0,069
2019 жыл	-0,009	-0,156*
2020 жыл	-0,022	-0,272
2021 жыл	-0,033*	-0,089
2022 жыл	-0,044*	-0,327
2023 жыл	-0,054*	-0,494
2024 жыл	-0,063*	-0,495
2025 жыл	-0,071	-0,735
Тұрақты шама	-0,684	-0,080
Бақылаулар	1,353	1,353
R -квадрат	0,7%	12,3%
Жылдық тұрақты ықпал	иә	иә
Ұйымдық тұрақты әсер	иә	иә
Стандартты қате	Driscoll–Kraay	Driscoll–Kraay

Робастық стандартты қателер (robust standard errors) жақша ішінде көрсетілген.

*** $p < 0,01$; ** $p < 0,05$; * $p < 0,1$.

3 кестенің жеткіліксіз капиталдандыру ережесінің корпоративтік салықтан жалтаруға әсерін нақты көрсетеді. Зерттеу гипотезасына сәйкес ереженің еңгізілуінен кейін келісімді салықтан жалтарудың төмендеуін және келісімсіз салықтан жалтарудың артуын күттік. Нақтырақ айтқанда, difference-in-differences (DID) модельдері жоғары қарызды кәсіпорында аз капиталдандыру ережесі еңгізілгеннен кейін өздерінің салықтан жалтару тәртібі басқа ұйымдармен салыстырғанда өзгеретінін бағалайды (Callaway B., Sant'Anna P.H., 2021). Түсіндірмелік ыңғайлылық үшін келісімді салықтан жалтару бойынша регрессиялық нәтижелер коэффициентін 1 -ге көбейттік, сол кезде оның интерпретациясы келісімсіз салықтан жалтару нәтижелерімен сәйкестендірілді. 3-кестенің 1-бағанындағы нәтижелер POST × HIGH DEBT пен келісімді салықтан жалтару арасында оң байланысын көрсетеді. Басқаша айтқанда, аз капиталдандыру ережесі еңгізілгеннен кейін келісімді салықтан жалтару айтарлықтай төмендеді ($p < 0.05$).

Аз капиталдандыру ережесі – ЫДҰ (OECD) ұсынған арнайы салықтан қашуды болдырмау ережелерінің (SAAR) құрамдас бөлігі және агрессивті салықтық тәртіпті шектеуге бағытталған (OECD 2022). Бұл ереже кәсіпорындардың қарызын реттеу арқылы корпоративтік салықтан жалтаруға әсер етеді, сонда есептік табыс пен пайдаға салынатын салықты есептеу кезінде шегерілетін пайыздық шығындарды шектейді. Нәтижесінде, жеткіліксіз капиталдандыру ережесі келісімді салықтан жалтаруға тікелей ықпал етеді. Осы зерттеу сол байланысты растайды: аз капиталдандыру ережесін енгізгеннен кейін келісімді салықтан жалтару деңгейінің төмендегені байқалды, онда ұйымдардың салықтан жалтару әрекеттерін шектеудегі тиімділігін көрсетеді (Li J., Jiang H., Shen J., 2024).

Алайда талдауда келісімсіз салықтан жалтару бойынша елеулі нәтиже бермеді. Ол жіңішке капиталдандыру ережелерінің табиғатына сәйкес келеді, өйткені SAAR аясында белгілі бір шектеулі көлемде қолданылады және корпоративтік салықтан жалтарудың барлық түрлерін жеке дара бақылауға қабілетті емес. Сондықтан ол басқа SAAR және GAAR толтыру қажет.

Халықаралық корпорациялар салықтан жалтару стратегияларын бейімдеуде анағұрлым күрделі тәсілдерді қолданады деп болжаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ. Қазақстандағы аз капиталдандыру ережесі халықаралық компанияларға көбірек әсер етуде. Бұл ережеден кейін олар заңға сәйкес салықтан жалтаруды азайтты, бірақ заңға сәйкес емес әдістер көбейді. Бұл біздің болжамды растайды: кәсіпорындар жаңа саясатқа бейімделіп, салықтан жалтарудың басқа жолдарын іздейді. Халықаралық компаниялар күрделі құрылымдары мен ресурстарының арқасында тез бейімделе алады.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, жаңа ережелердің әсері компаниялардың қолындағы стратегияларына байланысты. Сонда ғылыми әдебиетке де, саясат жасаушыларға да пайдалы. Зерттеуде салықтан жалтаруды екі түрге бөліп қарастырдық: заңға сәйкес (келісімді) және заңға сәйкес емес (келісімсіз) (Baker A.C., Larcker D.F., Wang C.C., 2022). Мұндай жіктеу салық саясаты өзгергенде кәсіпорындардың тәртібін, нормасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу қатаң ережелердің жалғыз өзі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Олар өзге арнайы SAAR және жалпы GAAR ережелермен толықтырылуы тиіс. Әрине, зерттеудің шектеулері бар: ол тек бір салық саясатына – жіңішке капиталдандыруға – бағытталған және қысқа уақыт кезеңін камтиды. Болашақта бірнеше салық саясатын бірлескен әсерін және ұзақ мерзімді нәтижелерін зерттеу қажет.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ержанов М. С., Ержанова А. М., Барышева С. К., Касабеков М. А. Теоретические и методические аспекты налогового анализа компании // Вестник университета «Туран». – 2024. – № 2. – С. 53–64. – DOI: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-53-64>
2. Mahmudi, Lasulita A. F. Thin Capitalization, Financial Distress, and Corporate Governance Impact on Tax Avoidance // Sinergi International Journal of Accounting and Taxation. – 2025. – Т. 3, № 1. – С. 1–15. – DOI: <https://doi.org/10.61194/ijat.v3i1.285>
3. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. – Астана: Қазақстан Республикасының Парламенті, 2025. – 1240 б.
4. Navarro, A. The General Anti-Avoidance Rule of the EU Anti-Tax Avoidance Directive (ATAD GAAR): Interpretation and Implementation. – Munich: Max Planck Institute for Tax Law and Public Finance, 2024. – (Working Paper Series, № 08). – Режим доступа: <http://www.tax.mpg.de> (дата обращения: 03.03.2026).
5. Dolson, H. M., Keung, K., Kumar, J. A Modern Overview of Specific Anti-Avoidance Rules. – Calgary: Moodys Gartner Tax Law LLP, 2022. – 34 с.
6. Mahardika, R., & Irawan, F. (2022). The Impact Of Thin Capitalization Rules On Tax Avoidance In Indonesia. Jurnal pajak Indonesia (Indonesian Tax Review), 6(2S), 651–662. <https://doi.org/10.31092/jpi.v6i2S.1972>
7. Nugraha, S.Y., Firmansyah, A. (2025). Transfer Pricing and Tax Avoidance: The Moderating Role of Thin Capitalization. Journal of Governance Risk Management Compliance and Sustainability, 5(1), 55–65. <https://doi.org/10.31098/jgrcs.v5i1.3117>
8. Kurniawan, N., Saputra, A.D. (2020) Does the recently implemented regulation on country-by-country reporting deter tax avoidance?, Jurnal Akuntansi dan Keuangan Indonesia: Vol. 17: No. 1, Article 4. DOI: 10.21002/jaki.2020.04
9. Hutahean, T. P., Hermawan, W., Kharisma, B., Hasanah, A. Debt and debt tax benefit: Evidence from Indonesia debt-to-equity cap reform // Journal of Economics and Business. – 2024. – Vol. 132(C). – DOI: 10.1016/j.jeconbus.2024.106217
10. Fasita E., Firmansyah A., Irawan F. Transfer pricing aggressiveness, thin capitalization, political connection, tax avoidance: Does corporate governance have a role in Indonesia? // Riset Akuntansi dan Keuangan Indonesia. – 2022. – Т. 7, № 2. – С. 184–196.
11. De Simone L., Stomberg B., Williams B. Does Tax Enforcement Disparately Affect Domestic versus Multinational Corporations around the World? // Contemporary Accounting Research. – 2023. – Т. 40, № 4. – С. 2816–2845.
12. Бусыгин Е.Г. Спекулятивная природа факторов капитализации публичных компаний // Журнал экономической теории. – 2020. – № 1. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/spekulyativnaya-priroda-faktorov-kapitalizatsii-publichnyh-kompaniy>.
13. Afzali M., Thor T. Corporate culture and tax planning // Review of Quantitative Finance and Accounting. – 2025. – Т. 64. – С. 861–898. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11156-024-01320-1>
14. Кощев Д.А., Миролюбова Т.В. Оценка взаимовлияния региона и индустриального кластера: системнопространственный подход // Вестник Пермского университета. Сер. «Экономика». – 2022. – Т. 17, № 2. – С. 161–184. – DOI: <https://doi.org/10.17072/1994-9960-2022-2-161-184>
15. Callaway B., Sant'Anna P. H. Difference-in-differences with multiple time periods // Journal of Econometrics. – 2021. – Т. 225, № 2. – С. 200–230.
16. OECD. OECD Transfer Pricing Guidelines for Multinational Enterprises and Tax Administrations. – Paris: OECD Publishing, 2022.
17. Li J., Jiang H., Shen J. Using the difference-in-differences design with panel data in international business research: progress, potential issues, and practical suggestions // Journal of International Business Studies. – 2024. – Т. 55. – С. 949–961. – DOI: <https://doi.org/10.1057/s41267-024-00725-3>
18. Baker A. C., Larcker D. F., Wang C. C. How much should we trust staggered difference-in-differences estimates? // Journal of Financial Economics. – 2022. – Т. 144, № 2. – С. 370–395.

REFERENCES:

1. Erzhanov, M. S., Erzhanova, A. M., Barysheva, S. K., & Kasabekov, M. A. (2024). Teoreticheskie i metodicheskie aspekty nalogovogo analiza kompanii [Theoretical and Methodological Aspects of Corporate Tax Analysis]. Vestnik universiteta Turan, (2), 53-64. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-53-64>
2. Mahmudi, & Lasulita, A. F. (2025). Thin capitalization, financial distress, and corporate governance impact on tax avoidance. Sinergi International Journal of Accounting and Taxation, 3(1), 1-15. <https://doi.org/10.61194/ijat.v3i1.285>
3. Kazakhstan Respublikasynyn Salyk kodeksi. (2025). Astana: Kazakhstan Respublikasynyn Parlamenti.
4. Navarro, A. (2024). The general anti-avoidance rule of the EU anti-tax avoidance directive (ATAD GAAR): Interpretation and implementation. Max Planck Institute for Tax Law and Public Finance Working Paper Series, (08). <http://www.tax.mpg.de>
5. Dolson, H. M., Keung, K., & Kumar, J. (2022). A modern overview of specific anti-avoidance rules. Calgary: Moodys Gartner Tax Law LLP.
6. Mahardika, R., & Irawan, F. (2022). The impact of thin capitalization rules on tax avoidance in Indonesia. Jurnal Pajak Indonesia (Indonesian Tax Review), 6(2S), 651-662. <https://doi.org/10.31092/jpi.v6i2S.1972>
7. Nugraha, S. Y., & Firmansyah, A. (2025). Transfer pricing and tax avoidance: The moderating role of thin capitalization. Journal of Governance Risk Management Compliance and Sustainability, 5(1), 55-65. <https://doi.org/10.31098/jgrcs.v5i1.3117>
8. Kurniawan, N., & Saputra, A. D. (2020). Does the recently implemented regulation on country-by-country reporting deter tax avoidance? Jurnal Akuntansi dan Keuangan Indonesia, 17(1), Article 4. <https://doi.org/10.21002/jaki.2020.04>
9. Hutahean, T. P., Hermawan, W., Kharisma, B., & Hasanah, A. (2024). Debt and debt tax benefit: Evidence from Indonesia debt-to-equity cap reform. Journal of Economics and Business, 132(C). <https://doi.org/10.1016/j.jeconbus.2024.106217>
10. Fasita, E., Firmansyah, A., & Irawan, F. (2022). Transfer pricing aggressiveness, thin capitalization, political connection, tax avoidance: Does corporate governance have a role in Indonesia? Riset Akuntansi dan Keuangan Indonesia, 7(2), 184-196.
11. De Simone, L., Stomberg, B., & Williams, B. (2023). Does tax enforcement disparately affect domestic versus multinational corporations around the world? Contemporary Accounting Research, 40(4), 2816-2845.
12. Busygin, E. G. (2020). Spekulativnaya priroda faktorov kapitalizatsii publichnyh kompanij [The Speculative Nature of Capitalization Factors of Public Companies]. Zhurnal jekonomicheskoy teorii, (1). Retrieved March 3, 2026, from <https://cyberleninka.ru/article/n/spekulyativnaya-priroda-faktorov-kapitalizatsii-publichnyh-kompaniy>
13. Afzali, M., & Thor, T. (2025). Corporate culture and tax planning. Review of Quantitative Finance and Accounting, 64, 861-898. <https://doi.org/10.1007/s11156-024-01320-1>
14. Koshcheev, D. A., & Mirolyubova, T. V. (2022). Ocenka vzaimovliyaniya regiona i industrial'nogo klastera: sistemnoprostranstvennyy podhod [Assessment of the Interrelationship between the Region and the Industrial Cluster: A System-Spatial Approach]. Vestnik Permskogo universiteta. Seriya Jekonomika, 17(2), 161-184. <https://doi.org/10.17072/1994-9960-2022-2-161-184>
15. Callaway, B., & Sant-Anna, P. H. (2021). Difference-in-differences with multiple time periods. Journal of Econometrics, 225(2), 200-230.
16. OECD. (2022). OECD transfer pricing guidelines for multinational enterprises and tax administrations. Paris: OECD Publishing.
17. Li, J., Jiang, H., & Shen, J. (2024). Using the difference-in-differences design with panel data in international business research: Progress, potential issues, and practical suggestions. Journal of International Business Studies, 55, 949-961. <https://doi.org/10.1057/s41267-024-00725-3>
18. Baker, A. C., Larcker, D. F., & Wang, C. C. (2022). How much should we trust staggered difference-in-differences estimates? Journal of Financial Economics, 144(2), 370-395.

AUTHOR INFORMATION:

Нуркашева Нурсулу Султанияровна – Нуркашева Нурсулу Султанияровна Nursulu Sultaniyarovna Nurkasheva – Кандидат экономических наук, доцент, Университет Международного Бизнеса, имени К.Сагадиева 050000, Абая 8 а, Алматы, 050000, Абая 8 а, Республика Казахстан – э.ф.к, доцент К.Сагадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Professor, University of International Business named after K. Sagadiev, 8a Abay Ave., 050000,

Казахстан, e-mail: nursulu_1975@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3798-3130>

Жолаева Маргарита Ахантаевна* – PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 010000 Астана, Казахстан, e-mail: ritazolaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9981-704X>

Кизатова Камилла Кизатовна – магистр экономических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 010000 Астана, Казахстан, e-mail: kizatova2001@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0002-5899-9390>

E-mail: nursulu_1975@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3798-3130>

Жолаева Маргарита Ахантаевна* – Ph.D., қауымдастырылған профессор (доцент), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000 Астана қ., Қазақстан, e-mail: ritazolaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9981-704X>

Кизатова Камилла Кизатовна – экономика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000 Астана қ., Қазақстан, e-mail: kizatova2001@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0002-5899-9390>

Almaty, Kazakhstan, E-mail: nursulu_1975@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3798-3130>

Zholayeva Margarita Akhantaevna* – Ph.D., associate professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, 010000, Astana, Kazakhstan, e-mail: ritazolaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-9981-704X>

Kizatova Kamilla Kizatovna – Master of Economics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpaeva St., 010000 Astana, Kazakhstan. E-mail: kizatova2001@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5899-9390>

МРНТИ 378
УДК 15.41.21

DOI 10.58319/26170493_2026_2_23

ЕББ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ДАМУ

Ахметов Н.А.¹, Мендалиев Б.М.¹, Шарипова А.А.¹, Кыстаубаева К.Т.^{1*}, Аманқосова А.Қ.¹

¹Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан

АНДАТПА. Жұмыстың өзектілігі қазіргі педагогика үшін жаңа болып табылатын мәселені талдау және ғылыми-педагогикалық зерттеу болып табылады және қарапайым мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы білім беру мекемелеріне орналастырмай оқыту және арнайы педагог кадрларын даярлау мәселесіне қатысты.

Жоғары оқу орнында «6В01401 - Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалатын мамандардың қазіргі кездегі инклюзивті білім беру саласындағы жұмысын талдау барысында, бірқатар қарама-қайшылықтар анықталды:

- біріншіден, жалпы білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім берудің жүйесін дамыту және жетілдіру қажеттілігі және педагогикалық ЖОО түлектерінің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындығының жеткіліксіз деңгейі;

- екіншіден, инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау деңгейіне және жоғары мектепте осындай маманды кәсіби даярлауға теориялық, әдіснамалық және практикалық технологиялардың жеткіліксіз әзірленуіне және осы мамандарға қоғам мен мектептің қоятын талаптарының жеткіліксіздігі;

- үшіншіден инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін дене шынықтыру және спорт мамандарын табысты кәсіби іске асыру қажеттілігі және психологиялық кәсіби дайындық деңгейін бағалау үшін сыналған құралдардың болмауы.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын табуға деген ұмтылыс біздің зерттеуіміздің ғылыми мәселесін анықтады: «болашақ мұғалімді инклюзивті білім беру саласындағы жұмысқа тиімді дайындаудың психологиялық-педагогикалық және дидактикалық жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?» деген сұраққа жауап іздедік.

Аталған проблеманы шешу студенттермен жұмысты жетілдіруге, түзетуге және болжауға, болашақ маманның кәсіби-тұлғалық даму, өзін-өзі жетілдіру және кәсіби бейімделу үдерісімен тығыз байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге олардың кәсіби дайындық деңгейін қалыптастыру және арттыру мақсатында болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының жеке қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

КІЛТ СӨЗДЕР: инклюзивті білім беру, дене шынықтыру, спорт, кәсіби дайындық деңгейі, болашақ маман, кәсіби-тұлғалық даму, өзін-өзі жетілдіру, кәсіби бейімделу.

Развитие уровня психологической профессиональной готовности специалистов физической культуры, работающих с детьми с ООП

Ахметов Н.А.¹, Мендалиев Б.М.¹, Шарипова А.А.¹, Кыстаубаева К.Т.^{1*}, Аманқосова А.Қ.¹

¹Университет Есенова, Ақтау, Казахстан

АННОТАЦИЯ. Актуальность работы заключается в анализе и научно-педагогическом исследовании проблемы, являющейся новой для современной педагогики, и связана с вопросом обучения детей с особыми образовательными потребностями в обычных школах без их помещения в специальные образовательные учреждения, а также с вопросом подготовки специальных педагогических кадров.

В ходе анализа современной работы в сфере инклюзивного образования специалистов, подготавливаемых в высшем учебном заведении по образовательной программе «6В01401 – Физическая культура и спорт», был выявлен ряд противоречий:

- во-первых, между необходимостью развития и совершенствования системы инклюзивного образования в общей системе образования и недостаточным уровнем готовности выпускников педагогических вузов к работе с детьми с особыми образовательными потребностями;

- во-вторых, между требованиями, предъявляемыми обществом и школой к уровню подготовки будущих специалистов физической культуры и спорта, работающих в сфере инклюзивного образования, и недостаточной разработанностью теоретических, методологических и практических технологий профессиональной подготовки такого специалиста в высшей школе;

- в-третьих, между необходимостью успешной профессиональной реализации специалистов физической культуры и спорта, работающих в сфере инклюзивного образования, и отсутствием апробированного инструментария для оценки уровня психологической профессиональной готовности.

Стремление найти пути разрешения указанных противоречий определило научную проблему нашего исследования: мы искали ответ на вопрос «как обеспечить психолого-педагогические и дидактические условия эффективной подготовки будущего учителя к работе в сфере инклюзивного образования?».

Полагаем, что решение обозначенной проблемы позволит совершенствовать, корректировать и прогнозировать работу со студентами, а также формировать личностные качества будущих специалистов физической культуры и спорта с целью формирования и повышения уровня их профессиональной готовности к работе с детьми с особыми образовательными потребностями, что тесно связано с процессом